

# ҚОЛДАУ

жеке меншік мекемесі

№4

22.02.2024 жыл

«Азаматтық бастамаларды  
қолдау орталығы» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамына

«Қолдау» орталығы»  
жеке меншік мекемесінен

## Үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына қатысуға өтініш

Осы өтінішті бере отырып «Қолдау» орталығы» жекеменшік мекемесі (ары қарай – өтініш беруші) «Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қалыптастыру және дамыту» бағыты бойынша Маңғыстау облысының білім басқармасының үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар конкурсына (арықарай – конкурс) қатысуға тілек білдіреді және конкурс шарттарына сай әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға келісім береді.

Өтініш беруші осы арқылы Өтінімнің ішіндегі барлық ақпараттың шынайы екендігін, шынайы фактілерге сәйкес келетіндігін растайды және кепілдік береді, және өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, сапалық және басқа сипаттамалары туралы жалған ақпарат беру, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да шектеулерді сақтау үшін жауапкершілік туралы хабардар екендігін білдіреді. Өтініш беруші жалған ақпарат беру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

«Қолдау» орталығы» жекеменшік  
мекемесінің директоры



М.А. Елеусинова

Толтырған күні 22 ақпан, 2024 жыл

Мемлекеттік гранттарды  
калыптастыру, беру,  
мониторингтеу және  
олардың тиімділігін бағалау  
қағидаларына 7-қосымша  
Нысан  
**Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау  
орталығы» коммерциялық емес акционерлік  
қоғамына**  
**Кімнен:**  
**«Қолдау» орталығы» жеке меншік  
мекемесінен**

**ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҮШІН ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ГРАНТТАР  
БЕРУГЕ АРНАЛҒАН КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ**

1. Өтініш беруші: «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі

1. БСН	151240022387
2. Ұйымның тіркелген күні	28.12.2015 жыл
3. Ұйымның толық атауы	«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі
4. Ұйымның заңды мекенжайы	130500, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Оңғалбайұлы көшесі, №3.
5. Ұйымның басшысы	Елеусинова Милана Аминовна Директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі құрылғаннан бері жарғылық қызметтеріне сәйкес қоғамдағы маңызды мәселерді алдыға шығарып, оларды шешуге ұмтылып келеді. «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі бүгінге дейін тұрғындарды қаржылық, құқықтық, діни сауаттандыру мен отбасы және неке құндылықтарын насихаттау, жастардың шығармашылығын қолдау, инклюзивті қоғам құруға жәрдемдесу, жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу, тұрғындар арасындағы әртүрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ету бағытындағы кешенді жұмыстарға басымдық берді.  «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекеменің жарғысына сәйкес жеке меншік мекеме қызметінің мақсаты:

Азаматтық қоғамдағы ұлттық сана-сезімнің ролін арттыру, жасөспірімдер мен жастардың экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау, олардың қоғамдағы атқаратын қызметіне ерекше мән бере отырып, оларға психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру болып табылады.

Жеке меншік мекеме қызметінің міндеттері:

- Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық, материалдық, парасаттылық және басқа қорларды жинақтау;
- Түрлі дәрежедегі әйел азаматшаларға, дарынды оқушылар мен жастарға оқу тренингтерін ұйымдастыру, басылымдық, компьютерлік және басқа да қажетті өнімді, оның ішінде әдістемелік құралдарды дайындау, тарату;
- Жастардың азаматтық қоғамдағы белсенділігін арттыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, өмір сүріп жатқан ортада кездесетін келеңсіз жағдайлар мен қиындықтардан шығуға психологиялық қолдау көрсету, маман кеңесін ұйымдастыру, патриоттық тәрбие беруге бағытталған шаралар өткізу. Ата-аналармен және білім беретін оқу мекемелерімен жасөспірімдер мен жастар мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер, семинарлар, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру;
- Жастар мен жасөспірімдерге білімді, салауатты өмір салтын, өнерді насихаттау мақсатында шаралар өткізу, ой өрісін, шығармашылық қабілетін, танымдық, құқықтық білімін дамыту бағытында марафондар, байқаулар өткізу, туған өлкенің табиғатын, тарихын таныстыру мақсатында экскурсиялар ұйымдастыру, болашақ мамандық таңдау бағытында кеңестер беру;
- Жастар мен жасөспірімдерді қоршаған ортаны аялай білуге тәрбиелеу, көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, мамандармен кездесулер, семинарлар өткізу, еңбексүйгіштікке, адамгершілікке баулу бағытында шаралар өткізу;
- Әлеуметтік мәселелерді басқа да ұйымдармен бірлесіп шешу;
- Түпқараған ауданының жасөспірімдер мен жастарының әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және басқа да мәселелерге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Кеңес беру қызметін көрсету;

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі Маңғыстау облысындағы және өзге де өңірлердегі Үкіметтік Емес Ұйымдармен, жастар ұйымдарымен, бастамашыл топтармен, қоғам көшбасшыларымен және көшбасшы жастармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен әріптестік-серіктестік негізде тығыз қарым-қатынас орнатып келеді.

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесінің азаматтық қоғамды дамыту бағытында жұмыс жүргізіп келе жатқанына 9 жыл уақыт болды.

7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар

Аталған уақыттар аралығында мекеме Маңғыстау облысы тұрғындарымен, бастамашыл топтармен, жас көшбасшылармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоғам белсенділерімен, жастар ұйымдарымен, Маңғыстау облысы аумағындағы барлық үкіметтік емес ұйымдармен, әлеуметтік желі қолданушыларымен, блогерлермен және еріктілермен тұрақты байланыс орната отырып, өңір аумағында әлеуметтік жобалар мен әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырды.

8. Ұйымның байланыс телефоны

8 (702) 903 91 68

9. Электрондық пошта мекенжайы [eleusinova-milana@mail.ru](mailto:eleusinova-milana@mail.ru)

10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты <http://qoldauortalygy.tilda.ws/qoldaupage>

11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)  
Facebook: Қолдау Орталығы ЖММ  
(<https://www.facebook.com/profile.php?id=100092409016129&mibextid=LQOJ4d>)

Instagram: koldau\_ortaligi  
([https://www.instagram.com/koldau\\_ortaligi?igsh=MXV1MW5xNnp0eXluOQ==](https://www.instagram.com/koldau_ortaligi?igsh=MXV1MW5xNnp0eXluOQ==))

№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері
				Басталуы	Аяқталуы	
12.	Иске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар					
1	«Отбасы және Неке институтын нығайтуға, отбасы құндылықтарын насихаттауға және ажырасудың алдын алуға бағытталған іс-шаралар» ұйымдастыру	550 120,0	«Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ	01.03.2016 жыл	30.06.2016 жыл	Жобаның мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттауға және ажырасудың алдын алуға жәрдемдесу, отбасы және неке институтын нығайтуға атсалысу. Жоба нәтижесінде отбасы институтын нығайтуға бағытталған 2000 адамды қамтыған іс-шаралар жүзеге асырылды. Аталған жоба аясында емізулі балалары бар аналардың балалары арбасымен шеруі, отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған акциялар мен «Шаңырақ шуағы» концерттік бағдарламасы, жас отбасыларды 5 бағыт

						бойынша өмірлік тәжірибеден өткізуді мақсат еткен «Отбасы life» жобасы жүзеге асты.
2	«Мемлекеттік тілді насихаттау бағытындағы шаралар» ұйымдастыру	390 000,0	«Түпқараған аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ	01.03.2016 жыл	30.06.2016 жыл	Жобаның мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, тұрғындар арасында насихаттау бағытындағы іс-шаралар ұйымдастыру. Жоба нәтижесінде 900 адамды қамтыған іс-шаралар өтіп, мемлекеттік тілді насихаттау бағытындағы жұмыстар, мемлекеттік ту тігілген автокөліктер шеруі, «Менің рәміздерім» суретшілер байқауы мен көрмесі, «Рәміздер – тәуелсіздіктің нышаны» атауымен дөңгелек үстел мен өзге де шаралар атқарылды.
3	«Ақ қауырсын» жобасы	5 180 596,0	«NCOC N.V.» компаниясы	08.02.2016 жыл	31.12.2016 жыл	Жобаның мақсаты – Түпқараған ауданындағы жас ақындардың тұңғыш антологиясын жарыққа шығарып, көпшілікке насихаттау. Жоба нәтижесінде Түпқараған ауданының жас ақындарының тұңғыш антологиясы жарыққа шығып, әдеби айналымға енді. Жоба жинақтың

						тұсаукесер шарасын қоса есептегенде 2500 адамды қамтыды. Жинақ 3000 данамен жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық кітапханаларына таратылды.
4	«Қашаған Күржіманұлы» жобасы	8 280 956,0	«NCOC N.V.» компаниясы	16.04.2017 жыл	31.12.2017 жыл	Жобаның мақсаты – Қашаған ақынның мұраларын жинақтау, оны жариялау мен насихаттау, Жоба нәтижесінде жырау Қашаған Күржіманұлының тұңғыш рет толыққанды шығармалар жинағы жарық көрді. 5000 данамен жарық көрген кітапта жыраудың бұрын жарық көрмеген шығармалары топтастырылып, ғылыми негізделді. Сонымен қоса, әр түрлі жинақтарда әр түрлі нұсқада беріліп жүрген жыраудың өлеңі бір ізге түсіп, жүйеленді.
5	«Қоғамдық кеңістіктер» жобасы арқылы «Жан жылуы» психология кабинетін жасақтау	1 999 000,0	«ТеңізШеврОйл» компаниясы, «Орталық Азияның Еуразия Қоры»	01.05.2020 жыл	30.07.2020 жыл	Жобаның мақсаты – аудан аумағындағы тұңғыш психология кабинетін ашу, жабдықтау және оның жұмысын жүргізу. Жоба нәтижесінде Түпқараған ауданы аумағындағы мектептерде тұңғыш болып

						<p>заманауи психология кабинеті жасақталып, керекті құрал-жабдықтармен қамтылды. Аталған арнайы кабинетте бүгінгі таңда аудан психологтарының тұрақты басқосуы, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылып тұрады. Аудан психологтарының басын қосқан заманауи кабинетте оқушыларға психологиялық көмектер көрсетіліп отыр. Жобаның тұрақтылығы бүгінгі таңда да жалғасу үстінде.</p> <p>Жоба нәтижесінде Форт-Шевченко қаласындағы ерекше білім алушылардың сенсор-моторлы дамуына үлес қоса отырып, әлеуметтік ортаға бейімдеу жұмыстары жүргізілді. Осы уақытқа дейін аталған санаттағы балаларға арналған бірде-бір үйірме Форт-Шевченко қаласында жұмыс істемеген. Аталған үйірме олардың қоғамға бейімделуіне, кейін оны кәсіпке айналдыруына мүмкіндік берді.</p>
6	«Мейірім» ерекше білім алушыларға арналған үйірмесі	Өз қаражаты есебінен	Аудан тұрғындарының сұранысы негізінде	20.01.2021 жыл	30.06.2021 жыл	
7	«Медиа-мектеп» болашақ	Өз қаражаты есебінен	Аудан тұрғындарының	14.09.2021 жыл	20.12.2021 жыл	Үйірме келешекте теория мен практиканы ұштастыра

тележурналистер  
дің алғашқы  
қадамын нықтай  
түсетін және  
телетехнологиян  
ы меңгеруге  
баулитын үйірме

сұранысы негізінде

отырып, оқушылар мектеп  
қабырғасында жүріп-ақ  
редакциялар мен  
баспахананың қайнаған  
тіршілігімен емін-еркін  
араласуын мақсат тұтып, 1  
жыл уақыт мерзімінде  
жүйелі жұмыстар жүргізді.  
Түпқараған аудандық  
«Мұрын жырау атындағы  
өнер мектебінің» жанынан  
ашылған аталған үйірме  
нәтижесінде бірқатар  
қатысушылар жеке  
YouTube каналын ашып,  
жүргізуде. Жоба  
нәтижесінде 25-ке жуық  
шәкірт арнайы сертификат  
алды, олардың кейбірі  
мектеп қабырғасын бітірген  
соң, жоғарғы оқу  
орындарындағы  
журналистика  
факультеттеріне оқуға түсіп,  
«Медиамектептен» алған  
машықтарын жетілдіру  
үстінде.

8 «Әлеуметтік  
желілер –  
қоғаммен  
байланыс жүргізу  
құралы ретінде»  
баспасөз  
хатшыларына

Өз қаражаты  
есебінен

Аудан  
тұрғындарының  
сұранысы негізінде

10.10.2021 жыл  
25.12.2021 жыл

Аталған семинар негізінде  
Түпқараған ауданына  
қарасты 1 қала, 5 ауыл  
әкімдіктерінің баспасөз  
хатшылары мен әлеуметтік  
желіге жауапты мамандары  
және СММ мамандары 48  
сағаттық тәжірибеден өтті.



	арналған семинар					Семинар нәтижесінде қатысушылар әлеуметтік желімен тиімді жұмыс жүргізуді, әлеуметтік желілерді қоғаммен байланыс құру құралы ретінде пайдалануды меңгерді.
9	«Маңғыстау жастары» Жастар интернет телеарнасының қызметін ұйымдастыру және www.mangystauzhastary.kz интернет порталын ақпараттық сүйемелдеу»	8 994 000,0	Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	29.07.2022 жыл	31.12.2022 жыл	Нәтижесінде сайт жұмысының ақпараттандыру аясы кеңейді. Мұнда Маңғыстау облысының түкпір-түкпіріндегі жастардың тыныс-тіршілігінен мәліметтер беріліп отырды. Мемлекет тарапынан жастар саясатын жүзеге асыру бағытында жасалып жатқан жұмыстар ақпараттандырылды. Маңғыстау жастарының бет-бейнесіне айналған жас қоғам белсенділерімен бірлесе отырып, олардың қатарын толықтыруға ықпал ету бағытындағы жұмыстар үйлестірілді. Күнделікті негізде бос жұмыс орындары салынып, жастарға арналған форумдар мен конкурстар, әртүрлі қызықты және пайдалы танымдық материалдар үздіксіз

					жарияланып отырды. Фото, видео, мақала және өзге де форматтарда ақпараттандыру жүзеге асты.	
10	«Ізгілік» ерекше білім алушыларға арналған үйірме жұмысын ұйымдастыру	500 000,0	Еуропалық Одақ, «Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянс» ЗТБ	01.08.2022 жыл	31.12.2022 жыл	Жоба нәтижесінде ерекше білім алушыларға көңіл бөлінді, олардың мәселесіне назар аударылды. Бұрын-соңды Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының ерекше балаларына үйірме жұмыстары ұйымдастырылмағандықтан, олар әлеуметтену процессінен өтті. Қазіргі таңда жобаны әлеуметтік кәсіпкерлік негізінде жалғастыру жұмыстары жүргізілуде.
11	«Ақ қауырсын» жас тілшілер клубы	500 000,0	Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	08.10.2022 жыл	31.12.2022 жыл	Жоба нәтижесінде оқушылардың уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, олардан медиасауатты, шығармашыл жастарды қалыптастыру мен кәсіби бағдар беруге ықпал жасау жұмыстары жүргізілді. Шығармашыл жастардың ортасы қалыптасып, жас журналистерге бағыт берілді.

	12 «Жастар жобасы» керуені»	10 250 000,0	Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	01.05.2023 жыл	30.11.2023 жыл	<p>Жобаның мақсаты – өңір жастары арасында қаржылық, құқықтық және діни сауаттылықты арттыру. Жастарға неке және отбасы құндылықтарын насихаттау бағытында кешенді ақпараттық және ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру. Жоба арқылы жастардың қаржылық, құқықтық, діни және отбасылық сауаттылықтарын арттыру бағытында облыс көлемінде 10-нан аса кездесулер өткізілді. Жоба аясында қоғамдық қор, жастар ұйымдары, әлеуметтік желідегі белсенді блогерлер, әлеуметтік желі қолданушылары жоба аясында жасалған жұмыстарды жариялаумен, таратумен айналысты. Сол арқылы өз аудиториясындағы жастар қатарына аталған сауаттылықтарды қалыптастыруға ықпал етті.</p>
	13 «Демеу» жобасы	5 750 000,0	Маңғыстау облысының білім басқармасы	01.09.2023 жыл	30.11.2023 жыл	<p>Жобаның мақсаты – жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсау фактілерін мейлінше</p>

азайтып, алдын алуға бағытталған педагог-психолог мамандардың біліктілігін көтеру үшін интинсив курстарын жүргізе отырып, мультидисциплинарлы топ құру арқылы кеңес тобын жасақтау. Сонымен қатар, ерте диагностикалау құралын қалыптастыру және «үштік одақ» моделі арқылы алдын алу шараларын ұйымдастыру. Жоба нәтижесінде 240 мектеп психологы кәсіби біліктілігін арттырды. Суицидтік мінез-құлық қаупі бар «қауіп-қатер» тобына жататын кәмелетке толмағандарды анықтау жұмыстары жүргізілді. Аумақта республикалық мамандардың қатысуымен мультидисциплинарлы топтың кеңес беруі пайда болды. Өңірдегі психолог-педагогтарға арналған интинсив курс жасакталды және жүзеге асырылды. «Үштік одақ: мектеп-ата-ана-оқушы» моделін пайдалану арқылы суицидтің алдын алу бойынша кешенді іс-

						шаралар (жана медиа құралдарын пайдалана отырып) ұйымдастырылды.
14	«Мейірім» түзете- дамыту орталығы	22 000 000,0	«NCOC N.V.» компаниясы	02.06.2023 жыл	Жоба элеуметтік кәсіпкерлік ретінде бүгінгі таңға дейін жалғасын табуда.	Жобаның мақсаты – Түпқараған ауданындағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте жастан түзете-дамыту. Жоба нәтижесінде аудан орталығында тұңғыш рет түзете-дамыту орталығы ашылды. Бүгінгі дейін 80-нен астам ерекше балаларға тегін диагностика жасалды, 10-нан астам баланы ерте жастан анықтау жұмыстары жүргізілді, 5 ерекше бала нәтижеге қол жеткізді.

## 2. Әлеуметтік жобаның командасы

### 2.1. Жоба жетекшісі

1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы

Елеусинова Милана Аминовна – жоба жетекшісі

2. Жұмыс тәжірибесі

Жұмыс тәжірибесі:

2007 жыл, қыркүйек - 2013 жыл. Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газеті МКК – тілші  
2008 жыл наурыз - бүгінге дейін Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газеті - бас редактор  
2019 жылдан бері Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін МКК – Педагог-психолог, Психология ғылымдарының магистрі;  
Медиатренер, ҚР «Журналистер Одағының» мүшесі,  
Практик-психолог, «Қолдау» орталығы» ЖММ директоры.

Біліктілігі:

	<p>Арнаулы жоғары, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің «журналист» мамандығы          Бакалавр, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің «Педагогика және психология» мамандығы          «Орталық Азияның Еуразия Қоры» КҚ және «Теңізшевройл» ЖШС-нің «Қоғамдық кеңістіктер» бағдарламасы, «Жобаны дамыту және басқару» – қатысушы</p>
<p>3. Қосымша мәліметтер</p>	<p>Жоба жетекшісінің жалпы еңбек өтілі: 16 жыл. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 9 жыл. Жоба жетекшісіне жобаның орындалуын жалпы үйлестіру және бақылау; жобаға қажетті барлық құжаттарды оператормен келісу және нақтылау; мониторинг тобын құру және жобаға мониторинг жүргізу; жобаны қаржылық, құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету міндеттері жүктеледі.</p>
<p>4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме</p>	<p>Facebook: Милана Елеусинова  <a href="https://www.facebook.com/milana.eleusinova?mibextid=LQQJ4d">https://www.facebook.com/milana.eleusinova?mibextid=LQQJ4d</a>          Instagram: aishyqty_ana  <a href="https://instagram.com/aishyqty_ana?igshid=YmMyMTA2M2Y=">https://instagram.com/aishyqty_ana?igshid=YmMyMTA2M2Y=</a></p>
<p><b>2.2. Қоғаммен байланыс жөніндегі маман</b></p>	
<p>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</p>	<p>Алиева Ақерке Гагаринқызы – қоғаммен байланыс жөніндегі маман</p>
<p>2. Жұмыс тәжірибесі</p>	<p>Жұмыс тәжірибесі:</p> <p>2010 жыл – «Әсел» мектепке дейінгі балаларды дайындау балабақшасы – бейнелеу өнері мұғалімі (Түркістан қаласы)          2010-2011 жж. – «Symbol Insaat» құрылыс компаниясы – кадр бөлімінің көмекшісі (Нұрсұлтан қаласы)          2011-2014 жж. – «Ақтау Ақпарат» газеті МКК – дизайнер- беттеуші (Ақтау қаласы)          2014-2016 жж. – «Маңғыстау - медиа» ЖШС, «Mangystau Media» ақпараттық сайты (mangmedia.kz) – контент-менеджер          CMS – Joomla          2016-2018 жж. – «Маңғыстау - медиа» ЖШС, «Mangystau Media» ақпараттық сайты (7292info.kz) – дизайнер және контент-менеджер          CMS – Wordpress          2018-2021 жж. – «Маңғыстау - медиа» ЖШС, «Mangystau Media» ақпараттық сайты (mangystaumedиа.kz) – арт-дизайнер          CMS - Интегратор          2022 жыл – «Маңғыстау жастары» ақпараттық сайты (mangystauzhastary.kz) – графикалық дизайнер          CMS - Wordpress</p>

	<p>Біліктілігі:</p> <p>Бакалавр, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті (2006 – 2010 жж.). Мамандығы: бейнелеу өнері және сызу</p> <p>Компьютерлік білімі: Adobe Illustrator, Adobe Indesign, Adobe Photoshop, Adobe Lightroom, Adobe Premiere, Adobe Audition, Adobe After Effects</p> <p>Қосымша біліктілігі:</p> <p>2016 жыл – Іскерлік журналистика негіздерін оқыту практикалық курсы, «Атамекен-бизнес» журналистика мектебі</p> <p>2017 жыл – «Моделирование одежды и шитья», Студия дизайна одежды «AYAKEN»</p> <p>2018 жыл – «Сторителлинг в газете и Интернете», «Internews Kazakhstan»</p> <p>2019 жыл – «Мобильная журналистика», «Институт Медиа Стандартов»</p> <p>2020 жыл – «Мобилография», «VideoGrapher PRO», «Kyranavirus 1», «Kyranavirus 2», «Kyranavirus 5», «Kyranavirus 6», Company «Kyran Films» курстары</p> <p>2020 жыл – «Грим time», Shonbay Online University</p> <p>2021 жыл – «Медиасауат дамыту», «Internews Kazakhstan»</p> <p>2021 жыл – «Win Education» Language Ceaching Center</p>
3. Қосымша мәліметтер	<p>Қоғаммен байланыс жөніндегі маманның жалпы еңбек өтілі: 13 жыл. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 10 жыл. Қоғаммен байланыс жөніндегі маманға анкеталық сауалнаманы, фокус-топтарды, сайт арқылы жүргізілетін сауалнаманы, әлеуметтік желілерді бақылау және т.б. жұмыстарды жүргізу арқылы жобаны үйлестіру, нәтижелерді бағалау міндеттері жүктеледі.</p>
4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	<p>Facebook: Акерке Гагаринқызы (<a href="https://www.facebook.com/Gagarin.Akerke?mibextid=LQQJ4d">https://www.facebook.com/Gagarin.Akerke?mibextid=LQQJ4d</a>)</p> <p>Instagram: gagarina.erke (<a href="https://instagram.com/gagarina.erke?igshid=YWJhMjllhZTc=">https://instagram.com/gagarina.erke?igshid=YWJhMjllhZTc=</a>)</p>
<b>2.3. Жоба есепшісі</b>	
1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда катысушысының лауазымы	Қыдырбаев Нұрболат Жетыбайұлы – жоба есепшісі
2. Жұмыс тәжірибесі	Жұмыс тәжірибесі:

2004-2005 жыл «Бизнес инкубатор» МККК, несиелендіру бойынша маман.  
2005-2007 жыл, «Каспийстройсервискомплект» ЖШС, бас бухгалтер.  
2007-2008 жыл, «Баутино кенті әкімінің аппараты» ММ, бас бухгалтер  
2013 жыл, «Түпқараған аудандық білім бөлімі» ММ, бас бухгалтер  
2013-2014 жыл, «Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты» ММ, бас бухгалтер  
2015-2016 жыл, «Түпқараған ауданы әкімінің аппараты» ММ, ұйымдастыру және бақылау бөлімінің бас маманы  
2016-2017 жыл, «Маңғыстау облысы әкімінің аппараты» ММ, Ішкі аудит қызметінің бас маманы  
2017-2019 жыл, «Айсат Сервис» ЖШС, Бас бухгалтер  
2019-2022 жыл, «Шегендеу сервис» ЖШС, бас бухгалтер

Біліктілігі:

Бакалавр, Алматы «Қайнар» университеті (2019), экономика факультеті, қаржы саласы

3. Қосымша мәліметтер

Жоба есепшісінің жалпы еңбек өтілі: 18 жыл. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру өтілі: 11 жыл. Жоба есепшісіне бухгалтерлік есепті толық жүзеге асыру және жоспарлау; сондай-ақ осы жоба бойынша уақытылы қаржылық есеп беру міндеттері жүктеледі.

4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме

Facebook: Нурболат Кыдырбаев

(<https://www.facebook.com/profile.php?id=100009503783760&mibextid=LQOJ4d>)

Instagram: kazbuh.nurbolat

(<https://www.instagram.com/kazbuh.nurbolat?igsh=MTVocWd6aWJyZGclAa==>)

### 3. Жоба туралы

1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты

Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қалыптастыру және дамыту

2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы

«Demeu 2.0» жобасы

3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б.

Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау, яғни суицид қоғамда белең алып отыр. Осы мәселені шешуде ата-аналар, мұғалімдер, құрбы-құрдастары біріге жұмыс жасау арқылы суицидалды іс-әрекеттерді болдырмаудың алдын алу іс-шараларын жүргізу маңызды болып табылады. Өз өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр. Бұндай мінез-құлық жасөспірім шақта 13 жастан бастап байқалады. Статистика бойынша суицидтік мінез-құлық 14-28 жас аралығында 30 пайыз, жасөспірім шақта 6-10 пайыз құрайды. Өз-өзіне қол



жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)

жұмсауға бейім адамдардың бірден-бір бөлігі психикалық тұрғыдан зардап шеккен, дені сау адамдар болып табылады. Осындай келеңсіз жағдайлар барлығы жасөспірімдерді қылмысқа тартады, оның ішінде өз-өзіне қол жұмсау жиі кездеседі. Жасөспірім шақта түрлі кездерді бастарынан кешеді, кейбіреулері бір нәрседен қорыққаннан, махабаттың сәтсіз болуынан, қиыншылыққа төзе алмау салдарынан өмірден қоштасуды жөн көреді. Соңғы 15 жылдықта 15-24 жас аралығында өз-өзіне қол жұмсау 2 есеге артты, экономикасы дамыған елдерде бұндай жағдайлар жиі кездеседі. Әсіресе, ер балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау қыз балаларға қарағанда әлдеқайда көбірек, ал қыз балалар демонстративті түрде көрсетіп отырады.

Білім алушының өзін психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамыту және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру шеңберінде білім беру үдерісін қалыптастыруда жасына қарай психофизиологиялық ойлау өте маңызды. Оқушы өзі туралы көбірек түсінуге, өз дамуының ерекшеліктерін білуге тағы басқа өзінің жағдайын еңсеруді білуге тиіс, бұл мағынаны тануға жатады. Оны осыған үйрету керек. Мектептегі бұл жауапты жұмыс әлуметтік педагог және сынып жетекшісіне, пән мұғалімі мен педагог-психологқа негізделіп жүктелген.

Бұл бірқатар жағдайларда білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымы мен әкімшілігі жасөспірімдер мен балалар арасында өзіне өзі қол жұмсауға жеткілікті назар аудармайтыны бойынша, ең біріншіден, суицидтік мінез-құлық, профилактика технологиялары, өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуде технологияларды меңгерген кадрлардың аз болуы көптеген мектептерде қалыптасқан жағдайды талдауда көрсетеді. Бұл ретте көптеген жалпы білім беретін мекемелерде мақсаттылықтың және жалпы білім беретін мекемелердегі білім алушылардың ата-аналары мен педагог кадрларының тиімді ынтымақтастықты жүзеге асырудың жеткіліксіздігінен, соның ішінде бірлескен қызметті ұйымдастыру бойынша суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы болып табылады.

XXI ғасырда дүние жүзінің ғалымдарын толғандыратын мәселе ол қазіргі кезде жасөспірімдер арасында жиі кездесетін-суицид. БӘДСҰ-ның соңғы мәліметтері бойынша 15-24 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында өзін-өзі өлтіру екі есе артып кетті. Енді бұл өлімдер жол апатынан қайтыс болған адамдар санымен теңеліп отыр. Әр бір жас кезеңдеріне сай суицидальді белсенділік тән болады.

- Балалық шақ – 13 жасқа дейін;
- Жеткіншектік кезең – 13-16 жас;
- Жастар арасы - 16-29 жас;
- Ересектер арасы – 30-35 жас;
- Қарттық кезең – 55-70 жас.

Маңғыстау облысы Қазақстанның шалғай әрі салт-дәстүрді берік ұстанып, ар мен ұятқа сүйеніп көп мәселені ғылыми негізде қарай бермейтін өңір. Маңғыстау облыстық білім басқармасы негіздеген фактілер бойынша кәмілет жасына толмағанадар

арасында 2023 жылы аяқталған 11 суицид тіркелсе, 6 факті аяқталмай тіркелген. Психоэмоционалдық тұрақсыздық салдарынан суицидтік мінез-құлық қаупіне көбірек ұшырайтындардың да жасы төмендегенін аңғаруға болады. Оны анықтау жұмыстары Юнисеф бағдарламасы аясында 8-сыныптан бастап қана жүргізіліп келеді. Сарапшылар мәліметінше, бұл жасқа дейін көпшілік жасөспірімдер өз-өздеріне қол жұмсау әрекеттерін түрлі формада жасап көрген.

Сондай –ақ, өңірде бүгінде 266 педагог-психолог қызмет атқарады. Оның ішінде 83 (31 %) жас маман болса, 137 (51 %) жас маман, бұл көрсеткіш өңірдегі мамандардың тәжірибесіздігі мен кадр тапшылығын көрсететіндігін Маңғыстау облыстық білім басқармасы мәселе етіп көрсетуде.

Осыған орай, «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі 2023 жылы Маңғыстау облысы білім басқармасының «Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қалыптастыру және дамыту» бойынша әлеуметтік тапсырысы негізінде былтырғы жылы қыркүйек-желтоқсан аралығында «Демеу» жобасын жүзеге асырды. Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауын алдын алуға ықпал ету мақсатында әлеуметтік тапсырыс беруші 200 психолог маманды оқытуды тапсырса, жоба аясында 240 психолог білімін жетілдіріп, интенсив курстан өтті. Сондай-ақ, мамандар кәсіби ерте диганостикалауды үйренді. Жеке меншік мекеме аталған жобаның жалғасы ретінде «Демеу 2.0» жобасы арқылы жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсау фактілерін мейілінше азайтып, алдын алуға бағытталған жұмыстарды жүргізуді көздеп отыр. Бұл жобада мамандар біліктілігін жетілдіріп, сондай-ақ, қауіп-қатер тобындағы облыстағы биылғы оқу жылында анықталған 76 баламен 3 іс-шара ұйымдастыру және консультациялық онлайн, оффлайн қабылда өткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, биыл бұл жобаға әлеуметтік педагог мамандарды оқыту қарастырылып отыр.

Дереккөздер:

1. Жасөспірімдер суициді: себеп пен салдар <https://aqtobegazeti.kz/?p=60944>

2. Жасөспірімдер мен жастар.

<https://www.unicef.org/kazakhstan/kk/%D0%B6%D0%B0%D1%81%D3%A9%D1%81%D0%BF%D1%96%D1%80%D1%96%D0%BC%D0%B4%D0%B5%D1%80-%D0%BC%D0%B5%D0%BD-%D0%B6%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%80>

3. Маңғыстау облысының білім басқармасы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu?lang=kk>

Әлеуметтік жобаның мақсаты – жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсау фактілерін мейілінше азайтып, алдын алуға бағытталған педагог-психолог, әлеуметтік педагог мамандардың біліктілігін көтеру үшін курстар жүргізе отырып, суицидолог мамандарды тартып 7 елді-мекенде семинар-тренингтер мен «қауіп –қатер» тобында анықталған оқушыларға консультативтік көмек көрсету, психикалық денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру.

4. Әлеуметтік жобаның мақсаты

Сонымен қатар, ерте диагностикалау құралын қалыптастыру және «үштік одақ» моделі арқылы алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін жеке меншік мекеме төмендегідей міндеттерді іске асыруды көздейді:

1. Маңғыстау облысындағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының кемінде 198 әлеуметтік педагогы мен 251 психолог маманына арналған халықаралық және республикалық деңгейдегі суицидология және психология саласының сарапшыларының кемінде 3 модульдік оқытуын ұйымдастыру;
2. Маңғыстау облысындағы мемлекеттік білім беру ұйымдары оқушыларының ата-аналарына арналған 7 елді-мекенде консультациялар, семинар-тренингтер сериясын ұйымдастыру;
3. Еліміздегі суицидолог және психолог мамандарын тарта отырып «Қауіп қатер тобына» жататын жасөспірімдерге консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;
4. Маңғыстау облысындағы жасөспірімдерге қатысты әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу бойынша кемінде 3 жиын ұйымдастыру;
5. Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған 2 видеоролик пен 1 әдістемелік құрал дайындау;
6. Жоба бойынша тиімді жұмыс істеу үшін коммуникация құру;
7. Жобаға қажетті барлық серіктестермен меморандум жасау арқылы ақпараттандыру, мониторингілеу секілді жұмыстарды бірлесе атқару;
8. Аталған жобаны орындау барысында БАҚ, оның ішінде республикалық деңгейде жоба туралы ақпараттарды үнемі жариялап отыру;
9. Жоба бойынша ақпараттарды жеке меншік мекеменің парақшасы арқылы әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, TikTok) жоба аяқталғанша жариялап, тұрғындарды ақпараттандыруды тұрақты түрде жүргізіп отыру;
10. Аталған міндеттерді Маңғыстау облысы аумағында жүзеге асыра отырып, әлеуметтік жоба аясында тікелей – кемінде 450 , жанама – 5000 адамды қамту.

Жобаны тиімді іске асыру және қойылған нәтижелерге қол жеткізу үшін жеке меншік мекеме жоба бойынша белгіленген мақсаттар мен міндеттерді іске асырады. Жеке меншік мекеме жоба бойынша хабарландырулар, өзге де ақпараттарды дайындап, әлеуметтік желілерде жариялайды.

Жеке меншік мекеме жоба міндетін орындау үшін жобаны бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады.

### **1 кезең. Дайындық кезеңі**

Осы кезеңде жоба бойынша арнайы жоба командасын жасақтап, құрады. Тапсырыс берушімен келісе отырып, жобаға қажетті барлық құжаттар әзірленіп, бекітіледі:

- Жоба серіктестеріне арналған меморандум жобасы;

5. Әлеуметтік жобаның міндеттері

6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межелеген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).

- Полиграфиялық өнімнің эскиздері (әдістемелік құрал, бағдарлама, баннер, үлестірме материалдар т.б.);
- Ақпараттық науқан, соның ішінде жоба бойынша медиа-жоспар;
- т.б.

Көрсетілген құжаттар қажет болған жағдайда оператормен келісілетін болады.

***Инновациялар:** Жеке меншік мекеменің әлеуметтік желідегі парақшасында мектептермен және өзге де қоғам белсенділерімен, әлеуметтік желі қолданушыларымен кері байланыс бойынша ақпараттық жұмыстар жасақталады. Өңір бойынша қауіп-қатер тобында анықталған оқушыларды құпиялылық сақтала отыра, жеке онлайн, офлайн қабылдау консультациялары ұйымдастырылады.*

## **2 кезең. Жоба бойынша ақпараттық жұмыс**

Жоба міндетін орындау үшін ақпараттық науқанға сәйкес келесідей іс-шаралар өткізіледі:

- Әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, TikTok) жеке меншік мекеме парақшасы арқылы жоба туралы ақпараттар жарияланады. Жеке меншік мекеме парақшасында жоба туралы барлық өзекті ақпарат тұрақты негізде жарияланатын болады. Жарияланымдардың контент-жоспары әзірленеді;
- Жобаның көрнекі өнімдерін шығару (әдістемелік құрал, бағдарлама, баннер, үлестірме материалдар т.б.);
- БАҚ-та, оның ішінде республикалық деңгейде, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде (жеке медиа-план бойынша) жоба туралы мақалалар, посттар тұрақты жарияланады.

## **3 кезең. Жобаны іске асыру**

Жеке меншік мекеме аталған жоба арқылы міндеттер мен мақсаттарға сай арнаулы іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру жоспары төмендегідей бірнеше іс-шараны қамтиды:

**1 іс-шара. Өңірдегі мектептердің 250 психологтары мен әлеуметтік педагогтеріне және Маңғыстау облысының Ішкі істер басқарамасы, Білім басқарамасы, Денсаулық сақтау басқарамасының қатысуымен фасилитациялық сессия өткізу.**

Фасилитациялық сессия аясында жасөспірімдер арасындағы суицидті алдын алуды, бұл мәселені шешу жолдарын қарастыра отырып, жоба аясында атқарылатын жұмыстарды пысықтау; Фасилитациялық сессияны халықаралық суицидологтар ассоциациясының мүшесі, суицидолог-психолог маман Сымбат Абдрахманова жүргізеді.

Біліктілігі:

- Докторантура, «Педагогика» мамандығы, 2020-2022 жж., Қорқыт Ата университеті
- Жоғары (бакалавриат), «Педагог-психолог» мамандығы, 2017-2019 жж., Болашақ университеті.
- Жоғары (магистратура), «Аудармашы синхронист» мамандығы, 2009-2011 жж., Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті.
- Жоғары (бакалавриат), «Филолог, парсы тілі мен әдебиеті оқытушысы» мамандығы, 2005-2009 жж., Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті.

Қосымша білімі: (біліктілікті арттыру курстары, тренингтер, семинарлар):

- Гештальт терапиясы, 1 кезең, маусым 2022, Санкт-Петербург гештальт институты
- «Сандық білім беру ортасының педагогикалық дизайны» қосымша кәсіби бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру, Мәскеу, мамыр 2022
- QPR курсы бойынша тренинг, 2022, «Just Support» ҚҚ
- Көшбасшылық, стратегиялық дағдылар курсы бойынша тренинг, 2020, Jascongress university
- Әлеуметтік инновациялар мен кәсіпкерлікке арналған жасөспірімдер мен жастардың дағдыларын дамыту бойынша SAMGAU бағдарламасы бойынша тренинг, 2020, Жастар қызметкерлері қауымдастығы
- «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы шеңберінде «Ата-ана мен бала жүйесіндегі психологиялық кеңес беру» курсы бойынша жаттықтырушыларға арналған тренинг, 2018 ж., «Bilim Foundation» ҚҚ
- «Табысқа Паспорт» бағдарламасының жаттықтырушыларына арналған тренинг, 2017 ж., Халықаралық жастар қоры
- «Заңға қайшы келетін психикалық денсаулық проблемалары бар жасөспірімдерді басқару» оқыту семинары, 2018 ж., Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы
- «Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу бойынша білім беру жүйесінің шебер-жаттықтырушыларын даярлау» оқыту семинары, 2015 ж., Республикалық психикалық денсаулық ғылыми – практикалық орталығы
- Облыстық білім басқармалары мен әдістемелік кабинеттер мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша оқыту курстары, 2015 ж., «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Қызылорда қаласындағы Педагогикалық шеберлік Орталығының филиалы
- ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде облыстық, Алматы, Астана қалалары басқармалары, аудандық (қалалық) білім бөлімдері және әдістемелік кабинеттер мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша оқыту курстары, 2015ж., «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы

- «Жалпы білім беретін мектеп жағдайында психикалық дамуы тежелген балаларға арналған түзету-дамытушылық оқытуды ұйымдастыру» тақырыбында біліктілікті арттыру курстары, 2014 ж., Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы

#### Жұмыс тәжірибесі:

- «Мансап» жеке мектебі, педагог-психолог, қыркүйек 2021-мамыр 2022
- «Жастар қызметкерлері қауымдастығы» ҚБ, жоба жетекшісі, тамыз 2022-п. с. д
- «Bilim Foundation» ҚҚ, жоба менеджері, психолог, сәуір 2021ж-сәуір 2022
- «Жастар қызметкерлері қауымдастығы» ҚБ, сарапшы, желтоқсан 2020-тамыз 2021
- «Қызылорда облыстық жастар ресурстық орталығы» КММ, бөлім бастығы, мамыр 2020ж – Наурыз 2021ж.
- Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы, инспектор, наурыз-мамыр 2020ж.
- Білім басқармасының жанындағы Қызылорда облысының оқу-әдістемелік орталығы, бөлім бастығы, 2012 жылғы қазан-2020 жылғы наурыз
- Білім басқармасы жанындағы Қызылорда облысының оқу - әдістемелік орталығы, әдіскер, мамыр-қазан 2012 ж.

#### Әлеуметтік және жастар жобаларына қатысу:

- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының мұнай компаниясының қызметкерлері үшін стратегиялық сессияны ұйымдастыру жөніндегі жобасы, қараша 2022, фасилитатор
- «Жастар арасында әлеуметтік бағдарлау» жастар қызметкерлері қауымдастығы мен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» (ЦПГИ) бірлескен жобасы, 2022, жоба жетекшісі
- «Just support» ҚҚ және жастар арасындағы суицидтің алдын алу жөніндегі Америка елшілігінің бірлескен жобасы, жоба менеджері
- Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы мен БҰҰ Балалар қорының «Пандемия кезіндегі мектептер мен колледждердің ата-аналарына, жасөспірімдеріне және педагогтеріне психологиялық қолдау» бірлескен жобасы сәуір-мамыр 2021, 2022, жаттықтырушы
- Жастар қызметкерлері қауымдастығы мен Дүниежүзілік Банктің «Жастар жұмысының жаттықтырушылары мен супервайзерлеріне арналған тренинг» бірлескен жобасы қазан-қараша 2021, жаттықтырушы, фасилитатор
- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының мұнай компаниясының қызметкерлері үшін эмоциялық күйіп қалу мен стресстің алдын алу жөніндегі жобасы шілде 2021, жаттықтырушы
- «Generation Unlimited жаһандық бастамасы және Қазақстандағы жастар жылы шеңберінде нәтижеге бағдарланған жастар ресурстық орталықтарының моделін және жастар жұмысының қағидаттарын дамыту» жастар қызметкерлері қауымдастығы мен БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) бірлескен жобасы (жобаның үйлестірушісі, жасөспірімдер мен

жастардың білім алу дағдыларын дамытуға қолжетімділігін арттыру мақсатында мектептердің мұқтаждықтары үшін оқыту модулін бейімдеу оқыту, жұмысқа орналастыру және лайықты жұмыс, Өңірлік жаттықтырушыларды даярлау үшін 7 күндік курс өткізу)-2020-2022 жж.

- БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) және «Bilim Foundation» ҚҚ «Қызылорда облысында кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» жобасы (ұлттық жаттықтырушы, жоба үйлестірушісі, мектептерде жобаны іске асыру, суицид көрсеткіштерінің мониторингі, өңірлік жаттықтырушыларды даярлау үшін 3 күндік курсты өткізу)-2015-2021 жж, жоба жетекшісі.

Сертификаттар, марапаттар:

- 2022 жыл – ҚР Президентінің алғыс хаты
- 2020 жыл – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі отбасы және жастар істері комитетінің алғыс хаты, Нұр-Сұлтан
- 2020 жыл – Тұңғыш Президенттің алғыс хаты
- 2020 жыл – ата-аналарға арналған республикалық диалогқа қатысқаны үшін сертификат, ҚР Білім және ғылым министрлігі, Нұр-Сұлтан
- 2019 жыл – ДДҰ мен БҰҰ Балалар қорының жасөспірімдердің психикалық денсаулығы жөніндегі халықаралық сарапшыларының отырысына қатысушы, Оңтүстік Африка, Кейптаун
- 2018 жыл – жасөспірімдердің психикалық денсаулығы жөніндегі I халықаралық конференцияға қатысқаны үшін сертификат
- 2018 жыл – Иранның Қазақстандағы елшісінің алғыс хаты
- 2017 жыл – Еуропалық суицидологтар қауымдастығының мүшесі
- 2017 жыл – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» ұлттық жобасының жеңімпазы
- 2017 жыл – ЮНИСЕФ «Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасының ұлттық шебер-жаттықтырушысы
- 2017 жыл – ҚР Білім және ғылым Министрлігінің құрмет грамотасы
- 2016 жыл – 16-шы Еуропалық «Суицид және суицидтік мінез-құлық» симпозиумының спикері, Испания, Овьедо қаласы

Инновациялар: Фасилитациялық сессия барысы жеке меншік мекеменің әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы толықтай тікелей эфирде жүргізіледі. Тікелей эфир барысында желі қолданушыларынан, облыс тұрғындарынан түскен сауалдар мен ұсыныстар сессияда талқыланып, іске асырылады.

**2 іс-шара. 3 модульдік 2 күндік эвристикалық оқыту курсы.**

3 республикалық деңгейдегі тәжірибелі, кәсіби мамандарды тарта отырып (психолог, социолог, проект менеджер) 2 күндік 200 ден астам педагог-психолог және әлеуметтік педагог мамандарды оқыту;

